

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы N 1292 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1320 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 636 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 636 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын қолдану үшін қажетті рейтингтік ұйымдардың (рейтингтердің тиісті мәнін көрсете отырып), қор және тауар биржаларының, аудиторлық ұйымдардың тізбелері, сондай-ақ олардың ұсынатын құжаттарының нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы N 1292 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 48, 594-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

атауындағы және 1-тармақтағы "рейтингтік ұйымдардың (рейтингтердің тиісті мәнін көрсете отырып)," деген сөздер алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын қолдану үшін қажетті рейтингтік ұйымдардың (рейтингтердің тиісті мәнін көрсете отырып), қор және тауар биржаларының, аудиторлық ұйымдардың тізбелерінде, сондай-ақ олардың ұсынатын құжаттарының нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарда:

атауындағы "рейтингтік ұйымдардың (рейтингтердің тиісті мәнін көрсете отырып)," деген сөздер алынып тасталсын;

1 және 5-тармақтар алынып тасталсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығының арнаулы сауда алаңы ретінде а н ы қ т а л ғ а н қ о р б и р ж а с ы ; " ;

3-тармақ мынадай мазмұндағы оныншы абзацпен толықтырылсын:

"Еуразиялық сауда жүйесі" тауар биржасы" акционерлік қоғамы."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК